

Әкімдіктің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 302 "Қостанай облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 168 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 мамырда № 9174 болып тіркелді

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 264-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы" 2018 жылғы 29 маусымдағы № 302 қаулысына (2018 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7975 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

Әкімдіктің
2020 жылғы 11 мамырдағы
№ 168 қаулысына
қосымшасы

Әкімдіктің
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 302 қаулысына
қосымша

№ р/с	Аумақтардың атауы	Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаталары		Алаң, гектар)	(Әкімшілік-аумақтық бірлік
			Солтүстік ендік	Шығыс бойлық		
1	1-учаске	1	52°39'27,55"	60°55'57,95"	3	Денисов ауданы
		2	52°39'27,52"	60°55'58,93"		
		3	52°39'15,52"	60°55'51,73"		
		4	52°39'05,91"	60°55'43,52"		
		5	52°39'06,51"	60°55'40,90"		
2	2-учаске	1	52°39'05,91"	60°55'43,52"	3	Денисов ауданы
		2	52°39'06,52"	60°55'40,90"		
		3	52°38'46,45"	60°55'24,67"		
		4	52°38'46,14"	60°55'26,16"		
3	3-учаске	1	52°38'44,90"	60°55'22,95"	1	Денисов ауданы
		2	52°38'43,78"	60°55'24,14"		
		3	52°38'36,25"	60°55'07,58"		
		4	52°38'36,64"	60°55'07,07"		
4	4-учаске	1	52°38'26,48"	60°54'39,72"	2	Денисов ауданы
		2	52°38'26,20"	60°54'40,20"		
		3	52°38'22,72"	60°54'31,75"		
		4	52°38'20,20"	60°54'19,74"		
		5	52°38'19,71"	60°54'00,82"		
		6	52°38'20,28"	60°54'00,94"		
		7	52°38'21,25"	60°54'19,51"		
		8	52°38'23,75"	60°54'31,01"		
5	5-учаске	1	51°38'41,00"	61°08'50,00"	4,5	Жігітқара ауданы
		2	51°38'41,00"	61°08'60,00"		
		3	51°38'33,00"	61°08'60,00"		
		4	51°38'33,00"	61°08'50,00"		
6	6-учаске	1	51°27'56,02"	61°12'02,46"	4,84	Жігітқара ауданы
		2	51°27'55,97"	61°12'13,85"		
		3	51°27'48,85"	61°12'13,76"		
		4	51°27'48,91"	61°12'02,37"		

Ескерту:

° – градус;

' – минут;

" – секунд.